



ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРҒА АРНАЛҒАН ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУЛАР

Пән: «Психология және мәдениеттану»

Пән коды: РМ 1108

БББ атауы: 6В10118 – Медициналық-профилактикалық іс

Оқу сағаттары/кредит көлемі: 120/4

Оқу курсы пен семестрі: 1/2

Тәжірибелік (семинарлық) сабақтар: 32 сағат

OÑTÚSTIK QAZAQSTAN

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казакстанская медицинская академия»

«Қазақстан тарихы және әлеуметтік-қоғамдық пәндер» кафедрасы

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар

044 -60/11-

35беттің. 2беті

Тәжірибелік сабақтарға арналған әдістемелік нұсқаулар «Психология және мәдениеттану» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасына (силлабус) сәйкес әзірленген және кафедра мәжілісінде талқыланды.

Хаттама №18

Күні:«31» мамыр 2023ж.

Кафедра меңгерушісі: _  _ Ж.О.Нұржанбаева

№1 сабақ

1.Тақырыбы: Заманауи психологияның салалары.

2. **Мақсаты:** заманауи психология салалары мен оның ғылым ретіндегі жалпы көзқарастарын қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

- заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананың модернизациялануындағы психологияның және психологиялық ілімдердің маңызын ашу;
- адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны мен міндеттерін қарастыру;
- психологияның әдістеріне сипаттама беру;
- қазіргі психология салаларын сипаттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Психология ғылым ретінде. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны мен міндеттері.
2. Заманауи тұлғаның қалыптасуы мен қоғамдық сананың модернизациялануындағы психологияның және психологиялық ілімдердің маңызы.
3. Психология әдістері.
4. Психология тиімді өмір әрекеттеріне ықпал етуші ғылым және тәжірибе ретінде (психология бизнесіте, спортта, денсаулық сақтау саласында, жарнамада).
- 5.Заманауи психология салалары.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары: дебат

Топты шағын топтарға бөлеміз, әр топша жеке сұрақтарды талқылайды:

1. Медицинадағы психологияның рөлі.
2. Психологияның бизнестегі рөлі.
3. Спорттағы психологияның рөлі.
4. Жарнамадағы психологияның рөлі.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тапсырмаларды орындау

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).
2. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
3. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.
- 4.Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с

Қосымша:

1. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A Histofy of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц,С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд.Б.Қ.Ақын [жәнет.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур.[Рухани жаңғыру].

2. Уоллейс П. Интернет психологиясы = The psychology of the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жәніс ұлы [жәнет.б.]. - 2-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 356 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Электронды басылымдар:

1. Медициналық психология. Құдиярова Ғ., ЖарбосыноваБ., 2019/<https://aknurpress.kz/login>
2. Әлеуметтік психология. Асылбекова М.П. , 2017 / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Психология және мәдениеттану Нұржанбаева Ж.О., Айдарбекова Ғ.С., Еркінбекова Ә.С. , 2019 ,ЦБ Aknurpress /.<https://aknurpress.kz/login>

8. Бақылау:

1. Психология ғылым ретінде нені зерттейді?
2. Адам туралы ғылымдар жүйесіндегі психологияның орны мен міндеттері қандай?
3. Психологияның әдістерін атаңыз.
4. Психологияның қандай салаларын білесіз?
5. «Психология» сөзінің мағынасы нені білдіреді?

№2 сабақ.

1. Тақырыбы: Тұлғаның мотивациялық-қажеттіліктер саласы. Эмоциялар.

2.Мақсаты: тұлғаның мотивациялық-қажеттіліктер саласы және эмоциялар туралы, олардың тұлғааралық қарым-қатынастағы рөлі туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру.

3.Оқыту міндеттері:

- мотивация үдерістерінің негізі ретінде қажеттіліктердің орнын ашу;
- мотивациялық саланың жалпы ұйымдастырылуын қарастыру;
- қарым-қатынастағы ішкі және сыртқы мотивтерге сипаттама беру;
- эмоция ұғымын, эмоцияны реттеу тетіктері мен әдістерін қарастыру;
- эмоционалдық интеллект ұғымын түсіндіру;
- ерік ұғымын сипаттау;
- стресс түрлері және стреске тұрақтылық ұғымына сипаттама беру.
- жастар арасындағы аутодеструктивтіліктің (суицидтік) алдын алу шараларын ашып көрсету.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мотивтер және қажеттіліктер. Мотив түрлері.
2. Тұлғаның мотивациялық профилі. Тұлғаның мотивациялық саласының бұзылуына байланысты еңбек тиімділігінің төмендеуі.
3. Адам өміріндегі эмоцияның рөлі.
4. Эмоционалдық интеллект тұлғаның когнитивті қабілеттілігі және жеке даралық сипаттамасы ретінде. Эмоцияның реттеу әдістері мен тетіктері: эмоцияларды қайта ой елегінен өткізу және эмоцияны басу.
5. Эмоционалдық интеллектіні диагностикалау және дамыту.
6. Психологиядағы ерік ұғымы. Ерік және тұлға.
- 7.Тұлғаның өзін реттеу психологиясы (стресс-менеджмент).
 - 8 Стресс ұғымы. Стресс түрлері.
 9. Стреске тұрақтылық ұғымы.
 10. Жастар арасындағы аутодеструктивтіліктің (суицидтік) алдын алу шаралары.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары: жағдаяттық тапсырмалар

№ 1 ситуациялық тапсырма

Пациент пульмонологиялық бөлімде толық тексеруден өтті, оны бронхоскопияға жіберді. Ол кезекші медбикеге неге осы тексерілімге жіберіп жатқанын түсіндіруін өтінді. Медбике дөрекі түрде жауап берді: «Несін сұрайсыз! Сіз де обыр». Таңертең пациентті қайтыс болған жерінде тапты. Медициналық тексеру, оның уланғанын анықтады. Ситуацияны талдаңыз. Медбикенің әрекеті қаншалықты әдептілікке жатады?

№ 2 ситуациялық тапсырма

Онкологтың кабинетінде пациент кезекті клиникалық тексеруден өтуде. Пациент А. мен дәрігер арасында мынадай диалог болды:

- Жасыңыз қаншада?

- Елуде.

- Сізде ісік бар ма?

- Жоқ сияқты.

- Қызық екен! Сіздің жасыңызда бір белгісі болу керек еді.

Ситуацияны талдаңыз. Дәрігердің әрекеті қаншалықты әдептілікке жатады?

№ 3 ситуациялық тапсырма

Бала (5 жасар) стоматологиялық креслоға отырудан қорқады, аузын күшпен ашуда және тіпті бір аспаптың түрін көргеннен жылайды. Медбике оған «Егер қазір жылағанды қоймасаң, ызылдатып бұрғымен емдейміз. Ал егер ол да көмектеспесе, ананды үйге жіберіп, сені ауруханаға жатқызамыз» деп айқайлайды. Ситуацияны талдаңыз. Медбикенің әрекеті қаншалықты әдептілікке жатады?

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).

2. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).

3. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.

4. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с

Қосымша:

1. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A History of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц, С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд. Б.Қ.Ақын [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур. [Рухани жаңғыру].

2. Уоллейс П. Интернет психологиясы = The psychology of the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңіс ұлы [және т.б.]. - 2-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 356 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Электронды басылымдар:

1. Медициналық психология. Құдиярова Ғ., ЖарбосыноваБ., 2019/<https://aknurpress.kz/login>
2. Әлеуметтік психология. Асылбекова М.П. , 2017 / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Психология және мәдениеттану Нұржанбаева Ж.О., Айдарбекова Ғ.С., Еркінбекова Ә.С. , 2019 ,/ЦБ Aknurpress /.<https://aknurpress.kz/login>

8. Бақылау:

1. Тірі ағзалардың әмбебап қасиеті ретіндегі қажеттілік дегеніміз не?
2. Сіз қажеттіліктердің қандай түрлерін білесіз?
3. А.Маслоудың қажеттіліктер пирамидасының мәнін ашыңыз.
4. Мотив, мотивация ұғымдарының мәнін қалай сипаттауға болады?
5. Тұлғаның мотивациялық саласының иерархиялық құрылымын ашып қарастырыңыз.
6. Мотив түрлерін атаңыз.
7. Эмоцияны реттеудің қандай әдістері мен тетіктері қандай?
8. Эмоционалдық интеллектіні қалай диагностикалау және дамытуға болады?
9. Ерік дегеніміз не?
10. Стресс дегеніміз не және стрестің қандай түрлері Сізге белгілі?
11. Стреске тұрақтылық туралы не айтуға болады?

№3 сабақ.

1.Тақырыбы: Ұлттық сананы сақтау және дамыту факторы ретіндегі тұлғалық ресурстар. Құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар тұлғаның рухани негізі ретінде.

2.Мақсаты: ұлттық сананы сақтау және дамыту факторы ретіндегі тұлғалық ресурстар туралы және құндылықтар, қызығушылықтар, нормалар ұғымдары тұлғаның рухани негізі туралы түсініктерін қалыптастыру

3.Оқыту міндеттері:

- темпераменттің спецификалық физиологиялық негіздерін ашу (И.П.Павлов);
- темпераменттің негізгі типтеріне сипаттама беру;
- темпераменттің заманауи критериілерін қарастыру;
- темперамент және мінездің арақатынасын бағалау;
- мінез және тәрбие арақатынасын қарастыру;
- «ұлттық мінез» ұғымына сипаттама беру;
- тұлғаның қабілеттіліктері мен нышандарын сипаттау.
- құндылықтар, қызығушылықтар ұғымдарын қарастыру;
- өмір сүру мәніне сипаттама беру;
- ҚР қазіргі кезеңінде кәсіби тұлғаның сенімдері мен бағдарларын зерттеу;
- тұлғалық құндылықтар және тұлғаның адамгершілік негіздерін қарастыру;
- психика және тән арасындағы өзара байланыс және өзара ықпалын ашу;
- аурудың пайда болуы және денсаулықты нығайтудың психологиялық факторларын анықтау.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Жүйке жүйесінің қасиеті темпераменттің негізі ретінде. Темперамент типтері.
2. Темпераментті зерттеу және түсіндіру тарихы.
3. И.П.Павловтың темпераментінің моделі.
4. В.М.Русаловтың темпераментінің моделі.
5. Г.Айзенк темпераментінің моделі.
6. А.Томас және С.Чесс темпераментінің моделі.

7. Я.Стреляу темпераментінің моделі.
8. Темперамент және мінез арақатынасы.
9. Мінездің анықтамасы. Мінез және тәрбие арақатынасы.
10. «Ұлттық мінез» ұғымы.
11. Тұлғаның нышандары және қабілеттері.
12. Әлеуметтік әлемдегі Мен. Мен-концепциясы. Өзін ұсыну.
13. Құндылық тұлғаның маңызды психологиялық ресурсы ретінде.
14. Тұлғалық құндылықтар. Тұлғаның адамгершілік негіздері.
15. Өмірдің мәні, өмірлік мақсаттар және бағдарламалар. Қазіргі кезеңдегі кәсіби тұлғаның сенімдері мен бағдарлары.
16. Кәсіптік өсудегі кедергілер, оларды анықтау және жеңу жолдары.
17. Кәсіптік бірегейлену дағдарысы және эмоционалдық күйіп кету синдромы.
18. Психика және тән арасындағы өзара байланыс және өзара ықпалы.
19. Аурудың пайда болуы және денсаулықты нығайтудың психологиялық факторлары.
20. Салауатты өмір сүру салты тұлғаның жеңіске жету негізі ретінде.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары: дебат

Дебат – бұл даулы мәселелер талқыланатын интеллектуалды ойын. Әр тарап қарсы топтың пікірін жоққа шығара отырып, өз ұстанымын қорғау үшін тезистерді табады және міндетті түрде мақсатқа жетуді талпынады.

1. Еркіндік негізгі құндылық ретінде.
2. Білім құндылық ретінде.
3. Кәсіби өсу кедергілері.
4. Эмоциялық күй синдромы.

1. Тапсырманы шешіңіз. Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Диана биология пәні бойынша екі ай бойына тынымсыз курстық жұмыс орындады.

Бірақ белгілі бір себептермен курстық жұмысын өз уақытында тапсыра алмады.

Оқытушы Диана курстық жұмысын қорғауға бір сағат кешіккені үшін баға қоймады.

Диананың беті қызарып, жүрек соғысы жиіледі. Диананың іс-әрекеті қандай? Ситуацияны талдаңыз.

3. Тапсырманы шешіңіз. Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Мен досыма Қазығұрт тауына шығуды ұсындым, бірақ ол биіктіктен қорқатын болғандықтан бас тартты. Психологияда аталған фобия қалай аталады? Сіздің әрекетіңіз.

4. Тапсырманы шешіңіз. Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Психологқа 40 жастағы адам келіп еңбекке жарамдылығы туралы анықтағысы келді.

Әңгіме барысында психолог оның келесі темперамент белгілеріне назар аударды: салмақты, белсенді, қозғалғыш, келеңсіздіктерге жеңіл қарайды. Аталған пациенттің темперамент типін анықтаңыз және сипаттаңыз.

4. Тапсырманы шешіңіз. Өз жауабыңызды дәлелдеңіз.

Н. атты жас қыз сезімге толы романдарды оқығанды ұнатады, кейіпкерлердің өміріне беріліп, барлық жан дүниесімен қобалжиды, жүйкесі жұқарады. Қыздың темперамент типін анықтаңыз және сипаттама беріңіз.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау

түрлері: тапсырмаларды орындау

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).

2. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).

3. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.

4. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с

Қосымша:

1. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A History of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц, С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд.Б.Қ.Ақын [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур.[Рухани жаңғыру].
2. Уоллейс П. Интернет психологиясы = The psychology of the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңіс ұлы [және т.б.]. - 2-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 356 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Электронды басылымдар:

1. Психология және мәдениеттану Нұржанбаева Ж.О., Айдарбекова Ғ.С., Еркінбекова Ә.С., 2019 ,/ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
2. Иванец, Н. Н. Психиатрия и медицинская психология : учебник / И. И. Иванец и др. - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2016. - 896 с. - ISBN 978-5-9704-3894-7. - Текст : электронный /ЭБС/ <http://www.studmedlib.ru/>
3. Даму психологиясы: Оқу-әдістемелік кешені 5В050300 – Психология мамандығына арналған. / Құраст. Д.А. Жансерикова. - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2013. - 536. / РМЭБ/ <http://rmebrk.kz/>

8. Бақылау:

1. Х.Бидструптың темпераментті көркемдеп сипаттауы қандай?
2. А.Чеховтың темпераментті көркемдеп қалай сипаттады?
3. Гиппократ және Гален темпераментті қалай сипаттады?
4. Эрнст Кречмер темпераментті қалай түсіндірді және жіктеді?
5. Уильям Герберт Шелдон темпераментті қалай түсіндірді және жіктеді?
6. И.П.Павловтың темпераменттің спецификалық физиологиялық негіздерін қалай сипаттады?
7. Қазіргі темперамент критерийлерін атаңыз және түсіндіріңіз.
8. Томас және Чесстін темпераментінің моделі туралы не айтуға болады?
9. Ганс Юрген Айзенктың темпераментке көзқарасын қалай сипаттауға болады?
10. Я.Стреляу темпераментінің моделі туралы түсіндіріңіз.
11. Темперамент және мінез арақатынасы туралы өз көзқарасыңызды қалай түсіндіре аласыз?
12. Мінез дегеніміз не?
13. Мінез және тәрбие арақатынасын қалай байланыстыруға болады?
13. «Ұлттық мінез» ұғымын қалай түсіндіруге болады?
14. Тұлғаның нышандары және қабілеттерін қалай салыстыруға болады?
15. Тұлғаның құндылық бағдарлары және ұстанымдарына анықтама беріңіз.
16. Өмірдің мәні психологиясы немен түйінделеді?
17. ҚР қазіргі кезеңінде кәсіби тұлғаның сенімдері мен бағдарларының мазмұнын ашыңыздар.
18. Кәсіптік өсудегі кедергілер, оларды анықтау және жеңу жолдарын қалай сипаттауға болады?

19. Кәсіптік бірегейлену дағдарысы және эмоционалдық күйіп кету синдромы туралы не айтуға болады?
20. Психика және тән арасындағы өзара байланыс және өзара әсері қандай?
21. Аурудың пайда болуы және денсаулықты нығайтудың психологиялық факторларын қалай біріктіруге болады?
22. Неліктен салауатты өмір сүру салты тұлғаның жеңіске жету негізі бола алады?

№4 сабақ

1. Тақырыбы: Тұлғааралық қарым-қатынас психологиясы. Тұлғааралық қабылдау әсерлері және заманауи қоғамдағы коммуникацияны талдау.

2.Мақсаты: қарым-қатынас ұғымы, оның түрлері, функциялары туралы және қарым-қатынастың перцептивті, интерактивті және коммуникативті жақтары туралы түсініктерін қалыптастыру.

3.Оқыту міндеттері:

- қарым-қатынас ұғымы, оның түрлері, функцияларын қарастыру;
- тұлғааралық қарым-қатынасқа сипаттама беру;
- тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттестік, тұлғааралық қабылдау ұғымдарын түсіндіру;
- тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктерін сипаттау;
- қарым-қатынас стильдеріне түсінік беру;
- көшбасшылық және жетекшілік ерекшеліктерін салыстыру.
- Қарым-қатынастың кросс-мәдени, этникалық ерекшеліктерінің мәнін ашу;
- Қарым-қатынастың вербальды құралдарына сипаттама беру;
- Қарым-қатынастың вербальды емес құралдарын қарастыру.

4.Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Қарым-қатынас түсінігі.
- 2.Қарым – қатынас түрлері, формалары және функциялары.
- 3.Тұлғааралық қарым-қатынас ғылыми таным пәні ретінде. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамасы.
4. Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттестік, тұлғааралық қабылдау ұғымдары.
5. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктері.
6. Қарым-қатынас стильдері.
7. Көшбасшылық және жетекшілік.
8. Қарым-қатынастың перцептивті жағы адамдардың бір-бірін қарым-қатынас үдерісіндегі қабылдауы ретінде.
- 9.Перцептивті қарым-қатынас тетіктері: эмпатия, идентификация, децентрация, аттракция, толеранттылық, рефлексия, кері байланыс.
10. Тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігі. Мен және басқалар.
11. Психологиялық ықпал ету мәні. Психологиялық ықпал ету түрлері.
12. Ықпал ету тетіктері: жұқтыру, ұқтыру, ұқсату, сендіру.
- 13.Тиімді сендіру факторлары.
- 14.Психологиялық ықпал етудің негізгі әдістері мен тәсілдері: демонстрация, ақпаратты бұрмалау, өсек тарату, қорқыту, БАҚ-да манипуляция.
- 15.Қарым-қатынас ақпарат алмасу ретінде. Коммуникацияның құрылымы, функциялары және түрлері.
16. Коммуникациядағы сандық технологиялар.Коммуникацияның вербальды және вербальды емес құралдары.
- 17.Коммуникативті рөлдердің маңыздылығы және қажеттілігі.
18. Коммуникативті кедергілер (кәсіптік, мәндік, ұйымдастырушылық, тұлғалық-психологиялық).

19. Коммуникацияның әлеуметтік-мәдени, жас ерекшелік, гендерлік ерекшеліктері.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары:

жағдаяттық тапсырмалар

№ 1 ситуациялық тапсырма

Лина тарих пәнінен емтиханда қобалжымау үшін, валлиум дәрісін қабылдады.

Оның бойында не өзгеріс болады? Сіздің әрекетіңіз.

№ 2 ситуациялық тапсырма

Линда бір айдан кейін курстық жұмысын тапсыруы керек. Сіз оған қандай кеңес беретін едіңіз?

№ 3 ситуациялық тапсырма

Поликлиника. Кабинеттен медбике шықты. Пациент: «Мен дәрігер қашан қабылдайды деп 2 сағат күтіп отырмын, сол арада менен кейін келген пациенттер шақырылып кіріп кетті. Ситуацияны талдаңыз. Медбикенің әрекеті қандай болуы қажет?

№ 4 ситуациялық тапсырма

Эрик химия сабағын іш пыстыратын пән деп есептейді. Ол өзінің сабағын қалай жоспарлағаны дұрыс?

№ 4 ситуациялық тапсырма

Математика пәні бойынша емтихан болып жатқан аудиторияға кірген Берта өте қобалжыды. Аузы құрғап, алақаны терледі, тамағына бір нәрсе кептеліп қалғандай сезінді. Ол қорқынышпен бірде-бір формуланы есіне түсіре алмайтындығын түсінді. Бертаға не болған?

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тапсырмаларды шешу

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
2. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.
3. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с

Қосымша:

1. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A History of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц, С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд. Б.Қ.Ақын [және т.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур. [Рухани жаңғыру].
2. Уоллейс П. Интернет психологиясы = The psychology of the internet : оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңіс ұлы [және т.б.]. - 2-ші бас. - [б. м.] : Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 356 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Электронды басылымдар:

1. Медициналық психология. Құдиярова Ғ., Жарбосынова Б., 2019/<https://aknurpress.kz/login>
2. Әлеуметтік психология. Асылбекова М.П., 2017 / ЦБ Акнурпресс / <https://aknurpress.kz/login>
3. Психология және мәдениеттану Нуржанбаева Ж.О., Айдарбекова Ғ.С., Еркінбекова Ә.С., 2019 ,/ЦБ Акнурпресс / <https://aknurpress.kz/login>

8. Бақылау:

1. Қарым-қатынасқа анықтама беріңіз.
2. Қарым-қатынас түрлерін және формаларын атаңыздар.

3. Қарым-қатынас функцияларын ашыңыз.
4. Тұлғааралық қарым-қатынас сипаттамасы қандай?
5. Тұлғааралық коммуникация, өзара әрекеттестік, тұлғааралық қабылдау ұғымдары туралы не айтуға болады?
6. Тұлғааралық, топаралық және ұлтаралық қарым-қатынас ерекшеліктерін қалай сипаттауға болады?
7. Қарым-қатынас стильдерін қалай біріктіруге болады?
8. Көшбасшылық және жетекшілік туралы қандай қорытынды жасауға болады?
9. Қарым-қатынастың перцептивті жағын қалай сипаттауға болады?
10. Эмпатия, идентификация, децентрация, аттракция, толеранттылық, рефлексия, кері байланыс ұғымдарын қалай түсіндіруге болады?
11. Тұлғааралық өзара әрекеттесу кеңістігі туралы не айтуға болады?
12. Психологиялық ықпал ету мәнін түсінігін қалай көрсете аласыз?
13. Жұқтыру, ұқтыру, ұқсату, сендіру ұғымдары арасындағы өзара байланыс қандай?
14. Тиімді сендіру факторын қалай бағалауға болады?
15. Психологиялық ықпал етудің негізгі әдістері мен тәсілдері (демонстрация, ақпаратты бұрмалау, өсек тарату, қорқыту, БАҚ-да манипуляция) қандай?
16. Коммуникацияның құрылымы, функциялары және түрлері қандай?
17. Қарым-қатынастың вербальды, вербальды емес құралдары деген не?
18. Коммуникативті рөлдердің маңыздылығы және қажеттілігі не?
19. Қандай коммуникативті кедергілер жасауға болады?
20. Өзіңіздің коммуникацияның әлеуметтік-мәдени, жас ерекшелік, гендерлік ерекшеліктерін түсінгеніңізді қалай көрсете аласыз?

№5 сабақ

1. Тақырыбы: Әлеуметтік-психологиялық дау-жанжал ұғымы және құрылымы. Еңбек ұжымындағы дау-жанжалды реттеу тетіктері және тәсілдері. Тиімді коммуникация мен тұлғаның бәсекеге қабілеттілігінің өзара байланысы.

2. Мақсаты: әлеуметтік-психологиялық дау-жанжал ұғымы және құрылымы туралы және еңбек ұжымындағы дау-жанжалды реттеу тетіктері мен тәсілдеріне сипаттама беру, тиімді коммуникация ұғымы және түрлері туралы түсініктерін қалыптастыру.

3. Оқыту міндеттері:

- әлеуметтік дау-жанжал себептерін және табиғатын ашу;
- психологиялық дау-жанжал түрлеріне сипаттама беру;
- дау-жанжал функцияларын және даму кезеңдерін қарастыру;
- дау-жанжалдың қозғаушы күштеріне, қатысушыларына, олардың қажеттіліктеріне, қызығушылықтарына, мақсаттарына сипаттама беру;
- дау-жанжалдың кеңістіктік-уақыттық шекарасын сипаттау;
- дау-жанжалдың функцияларын және салдарын түсіндіру.
- дау-жанжалды реттеудің негізгі тетіктері және тәсілдерін ашу;
- дау-жанжалды шешуді қарастыру көпсатылы үдеріс ретінде;
- негізгі манипулятивті техниканы сипаттау;
- келіссөздер дау-жанжалды шешу тәсілі ретіндегі рөлін түсіндіру.
- тиімді коммуникация ұғымын ашу;
- тиімді коммуникация қағидаларын, ережелерін, дағдыларын, тәсілдерін және технологияларын талқылау;
- тиімді коммуникация шарттарын қарастыру;
- коммуникациядағы өзін ұсыну және имидж ұғымын, имидж технологиясын түсіндіру;

- белсенді тыңдау техникасын сипаттау;
- келіссөз үдерісі технологиясын біріктіру.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары

1. Әлеуметтік дау-жанжал табиғаты және себептері. Психологиялық дау-жанжал түрлері.
2. Дау-жанжалдың конструктивті және деструктивті функциялары. Дау-жанжалдың даму кезеңдері.
3. Дау-жанжалдың қозғаушы күштері, қатысушылары, олардың қажеттіліктері, қызығушылықтары, мақсаттары.
4. Дау-жанжалдың кеңістіктік-уақыттық шекарасы.
5. Дау-жанжалдың функциялары және салдары.
6. Дау-жанжалдың алдын алу технологиясы.
7. Дау-жанжалды басудағы мінез-құлық: ынтымақтастық, бәсекелестік, қашу, кету, кооперация стратегиялары.
8. Дау-жанжалды шешу көпсатылы үдеріс.
9. Манипулятор типтер. Негізгі манипулятивті техникалар.
10. Келіссөздер дау-жанжалды шешу тәсілі ретінде.
11. Тиімді коммуникация ұғымы. Тиімді коммуникация қағидалары, ережелері, дағдылары, тәсілдері және технологиялары.
12. Тиімді коммуникация шарттары. Әлеуметтік интеллект.
13. Коммуникациядағы имидж және өзін ұсыну. Имидж технологиялары.
14. Белсенді тыңдау техникасы.
15. Келіссөз үдерісінің технологиясы.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары: Дебат

1. Тапсырма: Сабақ «еркін пікірталас» форматында өтеді, онда қатысушылар тең дауыс беру құқығына ие, өз білімдерін көрсетіп, өз ойларымен бөліседі. Талқылауға арналған негізгі мәселелер:

1. Психологиялық қақтығыстардың түрлерін сипаттаңыз.
2. Қақтығыстарды дамытудың қандай функциялары мен кезеңдерін білесіз?
3. Қақтығыстың қатысушылары мен қозғаушы күштерін, олардың қажеттіліктерін, мүдделері мен мақсаттарын атап өтсеңіз?
4. Қайшылықтың кеңістіктік-уақыт шекарасын қалай сипаттауға болады?

2. Тапсырма:

1. Манипуляция процесіндегі тұлға.
2. Келіссөздер конфликт шешу тәсілі ретінде.

1. Кезең – алғашқы нысана бағыты

- пікірталастың мақсаты, проблеманы қалыптастыру
- пікірталасқа қатысушылармен танысу (дискутанттар)
- пікірталасқа қатысушылардың мотивін анықтау
- ереже, регламент бекіту
- іскер ортаны үнемі қолдап отыру
- терминдерді талқылау, оларды дұрыс қолдану

2. Кезең- бағалау

- дискутанттардың сөз сөйлеуі, сұраққа жауап
- көптеген ойларды, идеяларды, ұсыныстарды жинақтау
- әрбір қатысушының жеке белсенділігін құптау
- тақырыптан ауытқуды және жеке амбициясын алдын-алу
- алғашқы нәтижені қорытындылау

3. Кезең-біріктіріп нығайту

- пікірталастың нәтижесін анализдеу

- ойларды, позицияларды біріктіру, келістіру
- шешімдерді бірге отырып тұжырымдау
- шешім шығару

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тапсырмаларды орындау

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Аронсон Э. Көпке ұмтылған жалғыз [Мәтін] = The Social Animal: әлеуметтік психологияға кіріспе: [оқулық] / Э. Аронсон ; ауд. Д. Д. Дүйсенбеков [және т. б.]. - 11-бас. - Астана: "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры, 2018. - 407, [2] б. - (Рухани жаңғыру).
2. Майерс Д. Әлеуметтік психология [Мәтін] = Social Psychology: [оқулық] / Д. Г. Майерс, Ж. М. Туенж ; ауд. Г. Қ. Айқынбаева [және т.б.]. - 12-бас. - Астана : "Ұлттық аударма бюросы" ҚҚ, 2018. - 559, [1] б.: сур. - (Рухани жаңғыру).
3. Көбекова, Ж. С. Психология негіздері: оқу құралы. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2013.
4. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ғ. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с

Қосымша:

1. Шульц, Д. П. Қазіргі психология тарихы: монография = A Histofy of Modern Psychology : монография / Д.П.Шульц,С.Э.Шульц ; қаз.тіл. ауд.Б.Қ.Ақын [жәнет.б.]. - 11-бас. - Астана : Ұлттық аударма бюросы, 2018. - 448 б. с. : сур.[Рухани жаңғыру].
2. Уоллейс П. Интернет психологиясы = The psychology jftheinternet :оқулық / П. Уоллейс ; қаз.тіл. ауд. Е. Жеңіс ұлы [жәнет.б.]. - 2-ші бас. - [б. м.] :Ұлттық аударма бюросы, 2019. - 356 бет. с. : (Рухани жаңғыру)

Электронды басылымдар:

1. Медициналық психология. Құдиярова Ғ., ЖарбосыноваБ., 2019/<https://aknurpress.kz/login>
2. Әлеуметтік психология. Асылбекова М.П. , 2017 / ЦБ Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
3. Психология және мәдениеттану Нұржанбаева Ж.О., Айдарбекова Ғ.С., Еркінбекова Ә.С. , 2019 ,ЦБ Aknurpress /.<https://aknurpress.kz/login>

8. Бақылау:

1. Әлеуметтік дау-жанжал себептері неде?
2. Психологиялық дау-жанжал түрлерін сипаттаңыздар.
3. Дау-жанжалдың қандай функцияларын және даму кезеңдерін білесіздер?
4. Дау-жанжалдың қозғаушы күштерін, қатысушыларын, олардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын, мақсаттарын атаңыздар.
5. Дау-жанжалдың кеңістіктік-уақыттық шекарасын қалай сипаттауға болады?
6. Дау-жанжалдағы рационалды мінез-құлықтың негізгі ережелерін атаңыз.
7. Дау-жанжалды шешудің көпсатылы үдеріс ретіндегі мәні неде?
8. Негізгі манипулятивті техникалар мәнін ашыңыздар.
9. Дау-жанжалдың алдын алудың қандай технологияларын білесіздер?
10. Манипулятор типтері туралы не айтуға болады?
11. Тиімді коммуникация ұғымы нені білдіреді?
12. Тиімді коммуникация қағидаларын, ережелерін, дағдыларын, тәсілдерін және технологияларын анықтай аласыз ба?
13. Тиімді коммуникация шарттары қандай?

14. Әлеуметтік интеллект ұғымын қалай түсіндіруге болады?
15. Имидж ұғымын түсінгеніңізді қалай көрсете аласыз?
16. Имидж технологиялары туралы не айта аласыз?
17. Белсенді тыңдау техникасын қалай біріктіруге болады?
18. Келіссөз үдерісінің технологиясын қалай сипаттауға болады?

№6 сабақ.

1. Тақырыбы: Мәдениет және оның адам өміріндегі орны мен рөлі.

2. Мақсаты: мәдениет түсінігінің мәні, оның қызметтері мен құрылымы туралы түсініктерін қалыптастыру

3. Оқыту міндеттері:

- мәдениет түсінігінің қалыптасуының кезеңдерін қарастыру;
- мәдениеттің мәнін, қызметтерін және морфологиясын анықтау ыңғайларының көптүрлілігін бағалау;
- мәдениет түсінігінің мәнін айқындау;
- материалдық және рухани мәдениеттерге сипаттама беру;
- мәдениет типологиясы түсінігін, мәдениеттердің тарихи типологиясын, сызықтық және жергілікті ыңғайларын ашу;
- мәдениет морфологиясы түсінігін: мәдениеттің кеңістігі мен уақытын, мәдениеттің негізгі бөлшектері мен паттерндерін сипаттау.

4. Тақырыптың негізгі сұрақтары:

1. Мәдениет түсінігінің қалыптасу тарихы: мәдениеттің мәні және қызметін анықтау ыңғайларының көптүрлілігі.
2. Мәдениет зерттеулеріндегі жаһандық, глокальды және жергіліктік ыңғайлар.
3. Мәдениет морфологиясы түсінігі: мәдениеттің кеңістігі мен уақыты, мәдениеттің негізгі бөлшектері мен паттерндері
4. Материалдық және рухани мәдениет.
5. Мәдениет типологиясы түсінігі, мәдениеттердің тарихи типологиясы, сызықтық және жергілікті ыңғайлары.
6. Мәдениет және өркениет.

5. Пәннің соңғы ОН қол жеткізудің негізгі формалары/әдістері/технологиялары: TBL

Білім алушылар шағын топтарға бөлініп, келесі сұрақтарға дайындалады:

1 топ:

Мәдениетті түсіндірудің негізгі тәсілдері.

2 топ:

Мәдениеттің негізгі түрлері және функциялары.

3 топ:

Мәдениет типологиясы.

6. Пәнді оқытудың соңғы нәтижелеріне қол жеткізу деңгейін бағалауға арналған бақылау түрлері: тапсырмаларды орындау

7. Әдебиет:

Негізгі:

1. Нуржанбаева Ж.О. Психология және мәдениеттану: оқу-әдістемелік құралы / Ж. О. Нуржанбаева, Ф. С. Айдарбекова, Ә. С. Еркінбекова. - Қарағанды : АҚНҰР, 2019. - 222 бет с
2. Сихымбаев И.Б., Нуржанбаева Ж.О. Мәдениеттану: оқу құралы. Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2020. – 212б

3. Ғабитов Т.Х. Қазақ мәдениетінің тарихы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016.
4. Молдабеков Ж.Ж. Казактану. - Алматы, 2015.
